



Наурыздағы салтанат

Жер-жаһанды жылы шуаққа бөлеп, мейірім мен шаттыққа кенелткен өз-Наурыз барша халыққа мол қуанышын ала келді. Наурыз-думан әр отбасынан басталып, мекеме, кәсіпорын, оқу орындарында жалғасты.

Сондай бір ерекше шара М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да да болып өтті. «Бақ берекем, құт мерекем - өз Наурыз!» атты фестивальге студенттер мен оқытушылар ерекше дайындалған. Фестивальге факультеттер мен институттар ұжымы, БҚМУ колледжі, құрылымдық бөлімшелер түгелдей қатысты.

Қазақтың оюлы камзолы мен сәукелесі қай ұлт өкілінің бойына да жараса қалған. Балашаға қонақтардың қолына су құйып, отанасы Наурыз көже ұсынып, оюлы тақия киіп, шапанының белін буынған ақсақалдар бата беруде.

Қыдыр ата мен Күн Ана Ұлыстың Ұлы күнін тойлаушыларға ақ баталарын, игі тілегін арнады.

Университет басшысы Тұяқбай Рысбековтің құттықтауынан кейін мерекелік шара сахна төрінде жалғасып, әр факультет қазақтың ежелгі дәстүрлерінен көрініс көрсетті. «Шілдеhana», «Бесік тойы», «Құда түсу», «Қыз ұзату», «Беташар» қойылымдары сахнаның ажарын ашып, құдды бір жайлау төсінде жүргендей әсерге беледі.

Фестиваль шартына сәйкес университеттегі әр факультет, екі институт, әкімшілік-кадр бөлімі, жалпы барлық ұжым дастархан жайып, ұлттық тағамның түр-түрін өзірлеген. Шашу шашылып, құтты қонақтарға қойдың басы тартылып, саба толы Наурыз көже ұсынылды. Сары бауыр бауырсақ пен құрт-май, ірімшік, жент, тары-талқан молынан қойылған. Әділқазылар алқасы екі залға бөліп орналастырылған дастарқан мәзірі мен қазақтың дәстүрмен безендірілген үй жабдықтарына да мән берді.

«Қара жорға» әні шырқалып, кең залға жиналған көпшілік әуен ырғағымен би билеп, сауық-сайранды қыздыра түсті. Жігіттер арқан тартса, құрбы қыздар бір-бірімен сырласып, кимешек киген әжелер жастық шақтарын еске алып, бір мөре-сәре болып қалды.

Осылайша сән салтанатымен астасқан Наурыз тойының соңында әділқазылар фестивалі қорытындысын жария етіп, жеңімпаздарға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Достық пен бірліктің үлгісіндей болған бұл тойда ешкім де сый-сияпатсыз қалмады.



Наурыздың 14-15 жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да еліміздің ЖОО студенттері арасындағы математикадан республикалық олимпиада болып өтті. Бұл олимпиада тікелей Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен жүзеге асырылды. Білім сайысының БҚМУ-да өткізілуінің де өзіндік себебі бар. Екі жыл қатарынан университет студенттері республикалық сайыстарда жоғары жетістікке қол жеткізген. Бұл осы оқу ордасында инновациялық білім берудің деңгейін танытумен қатар, математика саласында терең білім берілетінін тағы да дәлелдеп отыр.

Математика дәлдікті қалайды



Бұл сайысқа еліміздегі он екі ЖОО атынан 24 студент қатысып, бақтарын сынады. Олимпиада бағдарламасына ЖОО мамандықтарының базалық пәндер тараулары бойынша тапсырмалар кірістірілген.

Әділқазылар алқасының құрамындағы танымал ғалымдар студенттердің еңбектерін талдай отырып, келешекте олардың арасынан жақсы ғалымдар шығатынына сенім білдірді. Университеттің мәжіліс залында жүлдегерлерді марапаттау кезінде студенттер өздерін осындай сайыстарға баптап жүрген ұстаздарына жүрекжарды алғыстарын білдірді.



Кенжебек Жантілеуов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің «Алгебра, геометрия және математикалық талдау» кафедрасының аға оқытушысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты:

- Олимпиаданың шартына сәйкес екі студент алып келдім. Екеуі де бірнеше олимпиаданың жеңімпаздары. Мансур

Шаметов пен Жомарт Өнербек облыстық, республикалық олимпиадалардан жүлделі орылып жүр. Бүгін командалық есеп бойынша көш басынан көріндік.

Студенттерді осы олимпиадаға қатыстырудағы негізгі мақсатымыз - олардың университет қабырғасында алған білімдерін көрсете білуге мүмкіндік беріп, ғылым жолына бағыттауға ықпал ету. Біздің университет - еліміздегі тұңғыш ашылған оқу орындарының бірі. Өзге мамандықтармен қатар, математика пәнін ғылыми тұрғыдан жетілдіру жақсы дамып келеді. Қазір үкімет тарапынан ғылымға көп көңіл бөлінуде. Жастардың, студенттердің математика мамандығына деген көзқарасы түбегейлі өзгерген деп толық айта аламын. Өзім математика сабағынан дәріс беремін.

Олимпиаданың ұйымдастырылуы ойдағыдай болды. Барлық жағдай жасалды.

Бағдат Қабасов, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 3-курс студенті, жеке есепте I орын иегері:


- Мен осы олимпиадада екі турды қосқанда ең жоғары - 106 ұпай жинадым. Ал командалық есеп бойынша жүлделі екінші орындамыз.

Менің анам Салтанат Жігерқызы Ақсай қаласындағы №3 мектепте математика пәнінен дәріс береді. Математикаға деген құштарлығымды анам оятты десем болады. 7 сыныпқа дейін Ақсайда, одан кейін Ақтөбедегі қазақ-түрік лицейінде оқыдым. Лицейде жүріп, олимпиадаларға қатыса бастадым. Жәутік атындағы дүниежүзілік олимпиадада екінші, республикалық сайыстарда да жүлделі орындарды алып жүрдім.

Оқуымды бітірген соң мектепте мұғалім бола жүре, магистратураға түсіп, оны аяқтағасын ЖОО-да қызмет істеп, ғылым жолына түссем деген мақсатым бар.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша командалық есепте I орынды Абай атындағы Қазақ ҰПУ, II орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, III орынды Семей мемлекеттік педагогикалық институты, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Ш.Е.Есенов атындағы Қазіргі мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті командалары жеңіп алды.

Тәрбие ОРЫНҒАЛИҚЫЗЫ





■ **Ұстаз - мәңгілік ардақты есім**

14 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын және «ҚР 2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру аясында «Инновациялық білім беруді дамытудағы мұғалімнің рөлі» тақырыбында облыстық Педагогикалық Форум өтті.

Мұғалім мәртебесі - ел мәртебесі

Алдымен ҚР Білім және ғылым министрлігінің форумға қатысушыларға арналып жолданған құттықтау хаты оқылды.

басты проблемаға айналып отырғаны шындық. Форум ұстаз деген абыройлы мамандық иелерінің мәртебесін биіктете отырып, аға ұрпақ өкілдері, бүгінде

мемлекеттік университеті ректораты атынан сөз алған тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Рысбеков Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына

басты идеясы - ел Президенті Жолдауында айтылған және Білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудағы педагогтардың рөлін айқындау, оның мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру жолдары және осы

тұрғыда педагогикалық білім беруші университеттің орнын белгілеу болып табылады.

Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов 12 қазан күні педагогикалық ЖОО ректорлары мен педагог кадрлар біліктілігін арттыру жүйесі басшыларымен кездесуде екі үлкен міндет қойған болатын. Оның бірі – мұғалімнің оң имиджін қалыптастыру шаралары, олардың біліктілігін арттырудың жаңа жолдары болса, екіншісі – инновациялық-индустриалдық қоғамға сай педагог кадрларды даярлау, мектептермен байланысты нығайту, инновациялық қозғалыс шараларын ұйымдастыру, - дей келе, қатысушылардың жұмысына сәттілік тіледі.

Қатысушылар облыстың ардагер ұстаздары өмірінен дайындалған бейнебаянды тамашалаумен бірге олардың пікірлерін естіп, ақыл-кеңестерін тыңдады.

Форумда бірнеше жаңа жоба қатысушылар назарына ұсынылды.

«Жарқын болашақ жолы», «Инновациялық білім беру және педагог мәртебесі» тақырыбында ұйымдастырылған көрмені тамашалаушылар еліміздегі, университеттегі білім беру саласындағы соны жаңалықтар мен жетістіктер туралы кең тұрғыда мағлұмат алды.

Соңынан аудандық білім беру мекемелері қызметкерлері үшін шеберлік дәрісі ұйымдастырылды.

Тәрбие СМАҒҰЛОВА



Елбасы Жолдауында білім саласына көп мән берілгені белгілі. Білім саласын қаржыландыру жылдан жылға жақсара түсуде. Дегенмен, білімнің негізін қалайтын ұстаздар мәртебесін көтеру – бүгінгі таңдағы

мектептерде, оқу орындарында еңбек етіп жүрген педагогтар мен ұстаздық жолды таңдаған студенттердің басын қосып, осы проблеманы шешу жолдарын қарастыруға арналды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан

Жолдауы және «ҚР 2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген маңызды жайттарға қысқаша тоқталды. - Бүгінгі педагогикалық форумның

■ **Ой-пікір**

Зейнеткер-ұстаз Сұлушаш ҚҰЛМАЛИЕВА:

«ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ КЕРЕМЕТ ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ ТАПҚАН»

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен «Инновациялық білім беруді дамытудағы мұғалімнің рөлі» атты облыстық педагогикалық форумға облыс көлеміндегі білім беру саласының басшылары мен озат ұстаздар және қаладағы барлық жалпы орта білім беретін мектеп директорлары мен жоғары оқу орындарының өкілдері, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының қызметкерлері қатысты. Форумға педагогикалық еңбектің ардагерлері құрметті қонақ ретінде шақырылды. Бұл басқосуға қатынасқан ең жас буын 2011 жылы алғаш рет педагогикалық еңбек жолын бастайтын қазіргі осы университеттің 4-ші курс студенттері болды. БҚМУ-дің үлкен акт залында жиналғандарға қарал, басқа кез-келген мамандықтың иелері туралы «бұрын болған» деген сөзді (мысалы бұрынғы ұшқыш, инженер не құрылысшы, т.б.) ұстаздарға қолдануға болмайтыны осы жерде анық көрініп тұрды. Өйткені келесі жылы сексен жылдығын тойлайтын, Қазақстандағы екінші болып ашылған осы педагогикалық жоғары оқу орнымен тағдырын байланыстырғандардың алды тоқсан жасқа келіп қалғандар болса, орта буындағыларды айтпағанда, кейінгілердің жастары жиырмадан жаңа асқандар. Мұнда ұрпақ сабақтастығы керемет бір жарасымдылық тапқан. Бұл жарасымдылық университет ректоратының басшылығымен түсірілген облыста білім беру саласында еңбегі сіңген ардагерлер туралы фильмде де көрінді. Ондағы әрбір ұстаздың айтқан сөздері ешкімді

де бей-жай қалдырмағаны анық. Бұл фильм өз кейіпкерлерінің абыройлы еңбегіне қойылған мәңгі ескерткіштей әсер қалдырды. Форумға осындай контингентті шақыру осы университетті басқарғанына жиырма жыл толып кеткен профессор, тарих ғылымдарының докторы Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың идеясы деп ойлаймын. Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығымен орайлас осы жиырма жылдықтан да табиғат маманы бір табиғи үндестікті көреді. Өзінің саналы ғұмырында зерттеп келе жатқан Қазақстан тарихымен қатар, сексен жылдық тарихы бар университет өмірінде де Тұяқбай Зейітұлының есімі үлкен әріптермен жазылып үлгерді. Университет тарихы, оның жетістіктері оған басшылық еткен адамдармен байланысты екені түсінікті. Мен университеттің бұрынғы басшыларының рөлін жоққа шығарып отырғаным жоқ, оған менің моральдық құқым да жоқ. Әр жылдардағы университет басшыларының әрқайсысының өзіндік орны, қолтаңбасы бар. Менің 45 жылдық еңбек жолым осы университетпен байланысты, тек соңғы жиырма жылда Тұяқбай Зейітұлының басшылығында қызмет еттім. Сондықтан бұл адам туралы толығырақ жазуға құқым бар деп есептеймін. Ал қазір мен зейнеткер болсам да, бұл ұжыммен байланысым үзілген жоқ. Тұяқбай Зейітұлы 1991 жылдың наурыз айында ол кездегі А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтқа ректор болып сайланды. Бұл біздің еліміз үшін тәуелсіздікке жаңа қол

жеткен ең қуанышты да, ең қиын жылдар болатын. Тоқсаныншы жылдардың қиындығынан терең білімі мен тамаша ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында білім ордасының шаңырағын шайқалтпай, тұғырын биікке көтеріп алып шықты. Бұрын тек республикамызға ғана белгілі институт қазір әлемнің көптеген елдеріне танымал университетке айналды. Көреген басшы университетті алғашқылардың бірі болып еуропалық білім беру жүйесіне қосты. Университетіміз білім беру сапасы жөнінен бірнеше халықаралық марапаттарға ие болды. Т.З.Рысбековтың университетке басшы болып келуі венгер халқының Шандор Петефи туған күннен артық бақытты күні болған емес дегенге пара-пар ойларды форумға қатынасқан көрі-жасының айтқан жүрекжарды лебіздерінен естіп, көрдік. Олардың ішінде елімізге танымал майталман ұстаздар Мәриам Мамайқызы Абдушева, А.Баев сияқты сексен жастан асқан үлкен аға буын ұстаздар болса, бүгінгі студенттер де дәл осы ойда болды. Біздің университет бұл жеткен жетістіктерін әрі қарай дамытып, әлемдік білім беру деңгейінің биіктігінде болу үшін заман талабына сай тәуелсіз Қазақстанның жастарына білім беруді жетілдіре беретінін форум жұмысы тамаша дәлелдеді. Мұнда инновациялық білім беруді дамытуға арналған бүгінгі таңда университет дайындаған төрт жаңа жоба таныстырылды. Мен оларға толық тоқталмай-ақ қояйын, бірақ оның біреуін айтпай кете де алмаймын, ол - «Английский язык для неязыковых специальностей» деген жоба. Мұны



айтуымның себебі, бұл жобаны жасауға осы университетте еңбек етіп жүрген менің келінім Касимова Индира да қатысқан болатын. Сонда Касимовтар әулетінің жинаған байлығы екі жүз жылдай педагогикалық еңбек өтілі (стаж) болса, келінім сол жолды одан әрі жалғастырып, бұл педагогтар әулетінде де ұрпақтар сабақтастығының нақты көрініс тапқанына қуандым. Жалпы төрт жоба да - күні бүгінгі қоғам талабының білім берудің парадигмасына толық жауап беріп тұрған жобалар. Бұл жобалардың енді толыққанды жүзеге асырылуы ғана қалып тұр. Форум жұмысын өзімше зерделей отырып, мынадай ойға келдім. Мұндай ауқымды, білім жүйесінің дамуына зор ықпалын тигізетін іс-шаралар тек облыс көлемінде қалмай халықаралық деңгейде өткізілгенде нұр үстіне нұр болар еді. Ғылым мен білім беру өз жаратылысында интернационал, ол томаға-тұйықтық пен жекеленуді білмейді. Ғылым мен білім берудің интеграциясы арқылы ғана жемісті тәжірибе алмасуға болады. Бүгінгі форумның жұмысы бүкіл білім беру үрдісінің қан айналу жүйесіне берілетін жаңа дәрумен іспеттес болды.

12 жыл
наурыз 2011 жыл
№ 4 (862)
2



Арулар мерекесі тойланды



Р
К
Е
Н



Көгілдір көктеммен бірге Жер-анаға шуақ шашатын мейірімнің мерекесі қатар келді. Аналар мерекесінің жылы шуақты көктеммен бірге басталуының терең мағынасы бар. Ару, ана - әрқашан да нәзіктіктің, ізгіліктің, мейірім мен қайырымдылықтың арқауы, өмірдің мәңгі жалғастығының алтын көпірі.

Университетімізде бұл мейрам жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл да бұл игі дәстүр өз жалғасын тауып, 2011 жылдың 5-наурыз күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дің ректоры Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков ұжымда ұзақ жыл еңбек еткен ардагер оқытушылар мен бүгінде орталарында елеулі еңбек етіп жүрген әріптестерін мерекелік дастархан басында қарсы алып, құрмет көрсетті. Жылы шырайлы кездесу барысында естеліктер айтылып, жылы лебіздер тиегі ақтарылды. Мереке құрметіне ректор атынан қаржылай сый да көрсетілді. Құшақтары гүлге, көңілдері жылы пейілге толған қонақтарды бұдан әрі тәтті

тағам толы ақ дастархан мен көңілді концерт күтіп тұрды. Университеттің мәжіліс залында мереке құрметіне арналып, университеттің ер азаматтары дайындаған мерекелік концерт өтті. Мерекелік шара университет жанындағы «Серпін» студенттік театры өртістерінің орындауындағы «Шерлок Холмс пен дәрігер Ватсонның

жаңа хикаялары немесе миллион раушан гүлі қайда жоғалды?» атты театрландырылған көрініс ретінде ұйымдастырылды.

Мерекеге орай университеттің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы құттықтау сөз сөйлеп, барша ұстаздар қауымын тамаша мерекелерімен құттықтады.

Әкелі-балалы Жаскелең мен Ершат Ғайсағалиевтер «Анаға сый» өнін, Қайыржан мен Жансұлтан Нұрмұхановтар «Асыл ана» өнін, Думан Байтілеуов пен Асқар Құсайынов «Тико-тико», Максим Попов, Леонид Криков «Тегеран» шығармаларын нақышына келтіріп орындаса, балалар би студиясының мың бұралған бишілері «Бальный танец», «Кантри» билерін өте шебер орындады. «Серпін» студенттік театрының өртістері дайындаған «Найди меня», «Кездесу» понтиммалық көріністері де көрермендердің көңілінен шықты.

Университеттің профессоры Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов өлең оқып, БҚМУ кәсіподағының төрағасы Марат Даупаев «Қайдасың?» өнін орындап, оқу ордамыздың бір топ ер азамат оқытушылары мен қызметкерлері орыс халқының биін билеп, залдағы көрермендердің көңілін бір көтеріп тастады.

Мерекелік шара соңында университеттің оқытушысы, облыс, республика көлеміне танымал әнші Қуаныш Қисметов пен «Қорған» тобы «Надежда» өнін орындады.

Мерекелік кештен барлығы жоғары көңіл-күймен тарқасып, ұйымдастырылған шараның өте жоғары деңгейде өткенін ерекше атап өтті.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА, студент

Поздравляем команду историков!!!

Команда студентов-историков - Бейсенова Римма-гр.07302, Жароева Динара - гр. 07301, Нурманова Аягуз - гр.07303 - приняла участие в III Республиканской предметной олимпиаде по специальности 5B011400-«История». Олимпиада проводилась в г.Актау 10-11 марта 2011 г. в Каспийском государственном университете технологий и инжиниринга им.Ш.Есенова. Студенческая предметная олимпиада по специальности «История» - творческое состязание будущих учителей истории, направленное на выявление уровня знаний и умений студентов, необходимых в профессионально-педагогической деятельности. В олимпиаде принимали участие 13 команд (по 3 студента) почти со всех областей Казахстана.

Задание 1 тура – письменная работа (эссе), 2 тур – командная защита проекта и 3 тур – тестирование по пяти дисциплинам. Эссе Бейсеновой Риммы и выступление Жароевой Динары на защите проекта были признаны самыми лучшими. В результате напряженного соперничества Бейсенова Р. заняла 3-е место по индивидуальному зачету среди 39 участников олимпиады. По общекомандному первенству команда заняла 4-е место.



Участие в таких соревнованиях способствует выявлению творческих, педагогических способностей одаренных студентов, формирует умения и навыки работы в команде.

АМИРОВ А.О.,
Руководитель команды,
преподаватель кафедры Истории РК

Тәуелсіздікке - 20 жыл

«Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау».

Н.Ә. Назарбаев.

Тәуелсіздік таңында!

2011 жылдың 2-3 наурызында Алматы қаласында өткен «Исследовательские вузы и инновации – возможности использования британского опыта в Казахстане» атты ЖОО ректорлары мен проректорларына арналған семинарға университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Ә.Қ.Мұқтар қатысып қайтты. Семинарда басты лектор Ұлыбританиядан келген сарапшы (эксперт) Марк Грэй болды. Семинарда ЖОО-ның рейтингісі, зерттеулер мен инновациядағы мәдениет, серіктестік және шығармашылық потенциал сынды сұрақтар қаралды. Қазақстанда зерттеу, инновациялық бағытта британдық тәжірибені қолдану мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында болған бұл басқосуда қатысушылардың бірнеше ұсыныстары тыңдалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткен 2011 жылғы республикалық олимпиадаларға университет командалары қатысып қайтты. Соның ішінде шетел тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне олимпиадаға барып келген студенттер Г.Капулова, Г.Рсалина, Н.Килишева жақсы нәтижеге қол жеткізіп, белсенді қатысқандары үшін дипломмен марапатталса, студенттерге жетекшілік жасаған кафедра оқытушысы А.Е. Ғабдешеваға алғыс хат табыс етілді.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында өткен студенттер олимпиадасында университет студенттері кескіндеме мамандығы бойынша Жұматай Ергазы III орынға, Сейтақов Жанпейіл II орынға, металды көркемдеп өңдеу мамандығы бойынша Сарманбеков Самат III дәрежелі, мүсін мамандығы бойынша Тайпов Анатолий III дәрежелі, графика мамандығы бойынша Тасболатов Жәніс II дәрежелі жүлделі орындарға ие болды.

Астана қаласында 25-26 наурыз күндері Қазақ гуманитарлық заң университетінде «құқықтану» мамандығы бойынша студенттер арасында өткен республикалық олимпиадада құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, заң магистрі Зәуірбек Бақтыбайұлы Әуелбаевтың жетекшілігімен даярланған М.Өтемісов атындағы БҚМУ командасының мүшесі 08301-топ студенті Ерғалиева Гүлнара Аманжанқызын жекелей сында I орынға ие болды.

Жалпы қазақ халқына осы тәуелсіз күндер оңай келмегенін бәріміз білеміз. Дәл бүгінгі тәуелсіздік үшін күрескен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын еске алмау мүмкін емес. Ел болдық, егемендік алдық. Ол халқымыздың қанымен, талай азаматтарымыздың өмірімен келгенін ұмытпаймыз. Біз әрқашан сол Желтоқсан құрбандарына бас иеміз.

Халқымыздың асыл перзенті Мұхтар Әуезов елдің елдік сипатын танытатын бес белгінің біріне мемлекеттің, ата-мекенінің болуын жатқызған. Расымен де өзінің ұлан-ғайыр жері, кең байтақ елі болмаса, несі ел?! Ата-бабаларымыз бізге асты-үсті қазынаға толы жерді қалдырды. Тарихтың төрінен тәуелсіздігімізді еншіледік. Әрине, бұл жолда тар жол, соқтықпалы заманды бастан өткердік. Өткенге салауат. Қазір егеменді қазақ елін әлем біледі. Өзгелер қызыға, табысымызға тандана қарайды. Менің Қазақстанның тәуелсіздігі әлемдік саясатта өз бейнесін еркін танытқан тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының тағдырымен, 1991 жылғы Тәуелсіздік алу жайлы Конституциялық заңмен байланысты басталғандай көрінеді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Бұл күн – Қазақстан тарихына тәуелсіз «Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріппен жазылды. Көптен күткен елдің ұлы арманы орындалды. Бүгінгі Қазақстан - әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуропаны мойындай білген өжет елдің мекені. Ел тыныштығын нығайту, экономиканың жоғары дамуы, мемлекетіміздің азаматтарының денсаулығы мықты болуы тәуелсіздігіміздің басты көрсеткіші.

Өркениетке бет алған егеменді еліміздің ендігі болашағы ұрпақ тәрбиесі деген ұлы міндетпен ұштасып жатыр. Онсыз болашағымыз бос қиял. Еліміздің ендігі болашағы жастар қолында. «Егеменді еліміздің ертеңі оқу мен білімнің тереңдігімен өлшенеді», - деген

Елбасымыздың сөзі бар. Демек, біздің алға қойған мақсатымыз-өткенімізді білетін, бүгінгімізді түсінетін, ертеңімізге сеніммен қарайтын азамат болу. Жерімізді гүлге бөлеп, елімізді жасартар тәуелсіз ел тірегі, бар үміті де білімді ұрпақ, яғни біз. Біз ертеңгі күннің елі үшін еңбек ететін азаматтарымыз. Елбасының «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыратын да біздерміз. Бұл ұзақ мерзімді бағдарламасы - халықтың өркеніетті елдер қатарына бастар ақ жолы.

Ғұлама Махмұт Қашқари: «Бұтағы көп ағашқа құс қонар» деп, сан ғасыр бұрын дәл айтып кеткен. Елбасымыз қаншама ұлттың басын біріктіріп, береке-бірлігін сақтап отыр. Ұлан-ғайыр шекарасын дүние жүзінің ең астам, ең ықпалды мемлекеттердің басшылары мойындаған, кең-байтақ қазақ елінде дүниеге келген сәби де, өмір сүретін халық та бақытты. Ойланyp қарасақ, тәуелсіздік табағымызға аз енші салмапты. Өйткені, барлық даналығымызды да, саралығымызды да, елдігімізді де осы жылдарда таразылап үлгердік. Ендігі міндет – сол таразы басына маңызды да игі істер салмағын қосу.

Менің замандастарым, өз қамын емес, халықтың болашағын ойлайтын азаматтар болады. Жемісі тәтті, бейнеті қатты тәуелсіздіктің көк туын асқақтата аспанға көтергенімізге биыл аз ғана уақыт - 20 жыл болды. Осы мезгілдің өзінде толағай табыстарға жеттік. Алдағы болашағымыздың бұдан да жарқын боларына кәміл сенемін. Өзімнің осы шығармалды аяқтай отырып, Қазақстан, тәуелсіз еліміздің елі аман, жұрты тыныш, шекарасы бүтін, көңілі көтеріңкі, қабағы ашық, жүзі жарқын, саясаткер көсемі бар мемлекет болуын тілеймін! Ғасырлар бойы аңсаып жеткен азаттықпен, тәуелсіздікпен келген халық рухының асқақтығы мәңгілік болғай!

Үміт ЖӘҢГІРОВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледж, студенті

№ 4 (862) наурыз 2011 жыл



Ұстаз! Қандай қасиетті де қастерлі ұғым! Ұстаз болу - әркімнің қолынан келе бермейтін ұлы өнер. Осы мамандық иелері шәкірттерінің жүректеріне қуат құйып, көңілдеріне шуақ нұрын сеуіп, өмірге деген құштарлық сезімдерін оятады. Ұстаздар жүрек жылылығы мен адамгершілік ұлылығын шәкірттерінің бойына сіңіре біледі.

Ұстаздық еткен жалықпас

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға! - деп, Абай атамыз айтқандай, ұстаздар - өз білімін, мейірімін шәкірттеріне беруден әсте жалықпайтын, «инемен құдық қазғандай», қажырлы еңбекті қажет ететін мамандық иелері. Әлемде «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби бабамыз «Нағыз ұстаз - айтқанын екі еткізбейтін, үстінен ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіз, ақыл-ой парасатына да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана оқушысына үлгі-өнеге көрсете алады. Ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады», - деп өте дұрыс айтқан.

Сондай ұстаздардың бірі - көзінен от, сөзінен нұр төгілген, менің көзіме әулидей көрінген, қазір зейнеткерлікке шықса да, киелі білім ордасын қимай, әріптестерінің ортасында ақыл-кеңес айтып жүрген, біздің университетіміздің анасы да данасы, ұлағатты ұстаз **Меруерт Жолдықайырқызы**.

Көпшілік алғысы мен құрметіне бөленген адаммен кездескенде, нағыз бақыттың не екенін ұғынып, еріксіз тамсанып, тұла бойыңды әдемі бір әуен кернейді екен. Міне, мен Меруерт апайды алғаш кездестіргенде осындай сезімде болдым. «Кімде-кім басқалар бақытты болсын деп, ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемдікке бөленіп, жұлдызы жана түседі», - деп ұлы ұстаз А.Сухомлинский айтқандай, Меруерт апайымыз 80 жастың сеңгіріне келсе де, өзінің күш-жігерін аямай, барлық өнегелі ғұмырын



университетімізге, соның ішінде, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау ісіне арнап келеді. Мұның өзін мен үлкен ерік деп білемін. Меруерт апайымызды көргенде, «Болсайшы бәрі осындай ұстаздардың» деген әдемі сөз еріксіз еске түседі.

Өмір өрнектері осылай өрілген ұлағатты ұстаздың жетістіктері мен бағындырған белестері өзгелерге өнеге боларлықтай. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» дегендей, мен де Меруерт апайдай ұлағатты ұстаздан мол тәлім-тәрбие, үлкен өнеге алуға тырысамын.

Жадыра САПАРОВА,
студент

Құттықтаймыз!!!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 2 наурыздағы шешімімен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, педагогика және психология кафедрасының доценті **Бахшешева Светлана Меңдіғалиқызын педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуымен құттықтаймыз.**



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 26 ақпандағы шешімімен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының оқытушылары **Мұханбетчина Ахлима Габдилқызы мен Хасанова Іңкәр Өтебайқызын педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежелерін алуымен және тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасының оқытушысы Опря Оксана Викторовнаны 10.01.00-Әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алуымен құттықтаймыз.**

Әріптестерімізге шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілейміз.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы

Әсерлі кездесу

2011 жылдың 18 наурызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранттары Й.Гуттенберг атындағы университеттің PhD докторанты Владислав Сергеевич Зубковпен кездесті. Бұл кездесуде университет проректоры, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар қатысты.

В.Зубков Германиядағы докторантурада білім алудың ерекшеліктерімен, докторантураның перспективасымен толық таныстырды. Й.Гуттенберг университетінің құрылымы, ондағы білім беру ортасының ерекшеліктері, профессор мен студент арасындағы қарым-қатынас, университет талаптары, шетелдік магистратура мен докторантураға түсу тәртібі туралы презентация түрінде дайындалған ақпарат және докторант В.Зубковтың жеке тәжірибесі, өзіндік бағасы мен пікірі магистранттар тарапынан көп сұрақтар тудырды.

Шынар МҰҚАНБЕТОВА,
ЖОО кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Молдашева Гүлшекер Мырзаханқызы 1936 жылы наурыз айының 8 жұлдызында Семей облысы Аягөз ауданының Айғыз ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Алматы қаласының №12 орта мектебін аяқтаған. 1955-1960жж. Алматы қаласындағы педагогикалық институтының «биология-география пәнінің мұғалімі» мамандығын үздік дипломмен бітірген.

Гүлшекер Мырзаханқызы 1960 жылдан 2010 жылға дейін М.Өтемісов атындағы БҚМУ-де оқытушылық, аға оқытушылық қызметтерді атқарады. 1972-1975 жылдары Орал педагогикалық институтының аспирантурасында профессор, б.ғ.д. В.В.Ивановтың ғылыми жетекшілігімен өз білімін жалғастырды.

Солтүстік Каспий маңының су және су маңы өсімдік жабынын зерттеп, ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-әдістемелік жұмыспен айналысты. Гүлшекер Мырзаханқызы - алғаш рет кафедрада қазақ тілінде өсімдік анатомиясынан дәріс циклін жасақтаған ғалым. Ботаника және өсімдік систематикасы пәні бойынша әдістемелік және кәсіби жоғары деңгейде дәрістер курсы оқыды.

Қазақстанның іргелі жоғары оқу орнында, жарты ғасыр еңбек еткен жылдарында Гүлшекер Мырзаханқызы студенттермен жақсы тіл табыса білді, студенттердің жан-жақты жоғары білікті маман болып шығуына зор үлес қосты.

Жоғары мектепте мұғалімдік еңбек еткен жылдарында Гүлшекер Мырзаханқызы білімді, білікті, іскер, жауапкершілігі мол, студенттер және қызметкерлер арасында беделді ұстаз болды.

Гүлшекер Мырзаханқызы көптеген жылдар бойы жоғары оқу орнында куратор міндетін атқарды.

Гүлшекер Мырзаханқызының оқытқан түлектері жоғары оқу орындарын аяқтағандарына 30-40 жыл өтсе де, әлі күнге дейін ұстаздарын жылы лебізбен, ілтипатпен, зор ризашылықпен еске алады. Әсіресе, куратор



міндетін атқарған топтың студенттері апайларының үлкен адамгершілігін, мейірімділігін, талапкершілігін мақтан етеді және үлгі тұтады.

Гүлшекер Мырзаханқызы «Еңбек Ері» медалімен, ҚазССР О Ағарту ісі министрлігінің алғыс хатымен, ҚазССР О «Ұлттық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Білім ордасының әріптестері Гүлшекер Мырзаханқызын 75 жылдық мерейлі тойымен құттықтап, мықты денсаулық, отбасына береке, шаттық тілеп, ғұмырының ұзақ та бақытты болуына шын жүректен тілектестігін білдіреді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ және «Биология және экология» кафедрасының ұжымы

Ана - ардақты есім

Қазақ халқы ежелден-ақ әйел атаулыны Ана деп қастерлеп, оған ерекше көңіл бөлген. Дегенмен де, заманына қарай, осыдан ықылым жылдар бұрын қазақ әйелінің де басында теңдік болмай, олардың құқықтары шектелген, тіпті намыстары аяққа тапталған. Бірақ, Құдайға шүкір, қазіргі күні әрбір әйел өзгелермен терезесі тең. Ол білім алуға, қоғамда еңбек етуге, өзі қалаған адамына тұрмысқа шығуға құқылы. Міне, әйелдер басына теңдік әкелген аналар мерекесін әрбір адам аса қуанышпен қарсы алады. Өйткені Ана десе, толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес. Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетер дейсің?!

Шырылдап жерге түскеннен-ақ, сенің ең бір жақының, ең бір досың, ең бір ұстазың бар. Ол – Ана. Қара жерді баспай жатып, есіңді білмей жатып, тырмысып, бауырына жабысатының, шырылдап, уанбай жылап, сенің іздейтінің – ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің – бір-ақ жан. Ол – ана. Ол - саған бәрінен қымбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол – ана.

Міне, анаға деген махаббат сенің құндақта жатқан күніңнен-ақ басталады. Ана деген сөз кедейдің лашығынан да, байдың алтын сарайынан да құдіретті естіледі.

Құдай бірінші Адам атаны, содан кейін оған көмекші етіп, оның қабырғасынан Хауа ананы жаратқан. Әйел – еркектің қабырғасы. Ол бір қарсы болса да ер адамнан аласа тұратыны сондықтан. Киелі жазбада еркекті бас, ал әйелді мойын деп бейнелеп айтқан. Яғни, әрбір әйел еріне жол көрсетіп, ақылшы болып отыруы тиіс.

Шаңырақтың қандай болуы көп жағдайда әйелге байланысты. Оның берік не осал болуына да әйел жауапты. Иә, Құдайдан кейінгі құдірет иесі – ана. Мына жарық дүниеге әкелген Ана алдында бәріміздің де бас иетіміз сондықтан десек, бүгінде ұрпақ өсірумен қатар, ел еңсесінің көтеріле түсуіне өз үлесін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайық. Бүгінде тіпті қоғам өмірінің әйелдер араласпайтын саласы жоқ десе де болады. Бірі – саясаткер, бірі – ғалым, енді бірі – дәрігер, ұстаз, кәсіпкер, құрылысшы дегендей, тізе берсең жалғаса береді. Осыдан бірнеше жыл бұрын ер адамның жұмысын жасаған әйел адамына таң қалса, ал қазіргі таңда бұл таңсық құбылыс емес. Мүмкін ғаламда керініс тапқан гендерлік саясаттың бір көрінісі шығар. Менің өзімнің пікірім бойынша, гендерлік саясатты құптаймын. Өйткені, әйел ошақтың қасында, ерінің тасасында қалып қоймай қазіргі нарық заманында қай кезде болмасын өзін асырай білетін жағдайда болуы керек сияқты. Бұл саясатқа көбіне ерлер жағы қарсы болады. Неге? Меніңше, біріншіден, өзінің жеке басы төмен тұрғанын қаламайды, екіншіден, әйел адам басты назарда жүргендіктен, ер адам қызғаныштың қызыл итіне мінеді. Егер алдарына мақсат қойып, екеуі де бірігіп нан табуға тырысса, «сен бастық», «мен бастық» деген сөз болмас та еді, яғни, гендерлік саясат қарсы себеп болмас еді.

Иә, үлкен саясаткер болсын, жоғары маман дәрігер болсын, бас маман құрылысшы болсын, ол әрқашанда «бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербеткен» - әйел, ана болып қалмақ. Сол асыл аналарымызға Алланың нұры мен шапағаты жаусын.

Гүлсезім БИЯШЕВА, студент

Р
К
Е
Н

№ 4 (862) наурыз 2011 жыл

4



Р
К
Е
Н



№ 4 (862) наурыз 2011 жыл



Қолаң шашты сымбаттымыз.



Қыз - өмірдің гүлі, елдің көркі. Қазақ қызы десек, көз алдымызға жылы шырайлы, тал шыбықтай иілген нәзік, қолаң шашты, жүріс-тұрысы, басқан ізі білінбейтін, қылығымен баурап алатын, ақылына көркі сай жан елестейді. Қазақ халқы салт-дәстүрінен аттамаған, үлкеннің жолын кеспеген, сегіз қырлы, бір сырлы болып келген. Оған дәлел ретінде Қыз Жібек, Баян сұлу, Гүлбаршын, Құртқа, Қарашаштарды айта аламыз.

Ата-бабамыз қызының әдепті, ақылды, көрегенді болып өсуін қадағалап, «қызды қырық үйден тыйып» отырған. «Қыздың ұяты шешеге» демекші, қызға анасы, жеңгелері бағыт-бағдар беріп, инабаттылыққа, ізеттілікке, іскерлікке, өнерлі болуға баулыған. Міне, сондай тәлім-тәрбие көрген бойжеткен өз ортасының ажарына, қызғалдағына, беделіне айналған.

Осы орайда, наурыз айының 11 жұлдызында қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде 02101 тобы мен студенттік деканаттың ұйымдастыруымен, университеттің студенттік кәсіподағының демеушілігімен «Қолаңшаш ару» байқауы өткізілді. Байқауға бөлімнің қолаңшаш арулары С.Ізімова (02202-топ), Д.Серғалиева (02101-топ), Ж.Аумишева (02201-топ), А.Қайырсапарова (02101-топ) қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Шара барысында арулардың сұлулығы мен өнеріне, сахна мәдениетіне әділқазылар мүшесі оң бағасын берді. Сайыс өз дәрежесінде өтіп, «Қолаңшаш ару» номинациясын Дина Серғалиева жеңіп алды.

Тек біздің бөлімнің ғана емес, әр мамандықта оқитын бүгінгі заманның қазақ қызы қолаң шашты, әрдайым өзінің қазақылығын, ибалылығын сақтап қалса, нұр үстіне нұр болар еді дегіміз келеді.

Жадыра ЕРМАНОВА,
1 курс студенті

Көк желекті көктеммен бірге қуаныш сыйлай келетін аяулы аналарымыздың, әпкелер мен ару қыздардың мейрамы - 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде «Аналар – асыл жандар!» атты мерекелік кеш болып өтті.

«Аналар – асыл жандар!»

Кеш барысында ұстаз-аналар мен аяулы аруларға арналған әндер мен жырлар, ізгі тілектер, жылы лебіздер айтылды. Мерекелеріне сый ретінде бөліміміздің Тлеков Райымбек, Мажитов Алмас, Әбілқасымов Аслан секілді жігіттері өлең оқыса, домбыраның құлағында ойнайтын Мунбаев Сәкен Құрманғазының күйі «Адайды» тарту етті.

жолдаған Әбибуллаев Ақжол «Анашым» әнін орындап берді.

Келешегінен зор үміт күттіретін бөліміміздің болашақ ақыны Тайберин Әсет ақылына көркі сай, иба-инабатын өн бойына сыйдырған бөлім қыздарына арнап «Арулар-ай, арулар!» атты жүрекжарды туындысын оқыды. Сонымен қатар, кафедра оқытушылары, ардақты



«Арулар – аяулылар, ардақтылар, Өмірдің жылуы боп қалмақ бұлар. Арулар- тіршілікке күре тамыр, Өмірді бір-біріне жалғап тұрар!» деген өлең жолдарын жолдай отырып, бөлім студенттері мерекелеріне гүл шоғырларын табыс етті. Аналар мен арулардың әрдайым жүздері жадырап, әрдайым нұрланып жүрулеріне ақ тілегін

ұстаздар С.Ф.Шарабасов, Ж.Ж.Шайекенов, Б.Е.Өмірзақов сынды ағайларымыз ұстаз-аналарға денсаулық, еңбектеріне табыс тілеп, ал бөлім арулары - аяулы қыздарға жақсы оқуға тілектестік білдірді.

Айсара БӨЛЕКБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің
1 курс студенті

Ертеде Біржан мен Сара айтысқанда сөзден біртіндеп жеңіле бастаған Біржан сал домбыраны башпайымен тартыпты, сол кезде етегін көтеріп, денесін ашық көрсетуді өлімнен де ар санаған сұлулардың сұлуы Сара қыз өзінің жеңілгенін мойындапты. Ал қазір қыздар бар денесін ашып-шашып, кіндікті жарқыратып, аспай-саспай тіпті туған әкесі мен атасының алдында емін-еркін жүргенін көргенде екі бетің нарттай қызарады.

Өткінші өмірде нағыз қазақ қызы деген атқа кір келтіріп жүрген апаларым мен сіңлілеріме қарап отырып, кейде ұяламын, өзім үшін де, келешек ұрпақ үшін де... Дегенмен, толассыз жауыннан соң да аспан ашылып, күн шығатыны сияқты, жарқын болашақтың ақ таңы атар деген үмітімді үзбеймін.

Қыз болып жаралған соң әуел бастан, Біз салар ән де өзгеше, әуен басқа. Еркінбіз, еркелейміз еркімізше, Біз үшін Ай да жақын, жақын Аспан.

Әуелден аңыз болып жаралғанбыз, Өн болып шартарапқа таралғанбыз. Қыз Жібек, Баян сұлу, Еңлік, Ләйлі, Қыз жайлы әлі туар талай аңыз.

Жұмыр басты пенделер өлшеулі өмірінде өткені мен бүгінін салыстырып, болашағын саралайды. Әйел, Ана, қазақ қызы тақырыптары - бүгінгі күнде көп талқыланатын мәселелердің бірі де бірегейі. Қазақ қызы атауы өз бойына сонау сақ заманынан «қатын басқарған көш оңбас» деген қараңғы қағиданы теріске шығарып, еңсегей бойлы ерлердің қолын ер үстінде бастап, туған жер, отбасы, ошақ қасын қатігез жаулардың өткір тырнағынан ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен барын сала қорғаған. Тұмар ханым, Ақ Жайықтың асау толқындарына керемет ғашықтық тарихын қалдырған Қыз Жібек, жиырма серіні жанарына жіпсіз байлаған Баян Сұлу, ел басына күн туғанда қолға қару алып, жауқазын ғұмырын Отан үшін қиған Әлия мен Мәншүк, Хиуаз, басқыншылық, солақай саясатқа қарсы шығып, еліміздің жарқын болашағы үшін қан төгіп, мұз құшқан Ләззат пен Сәбира есімдері - қадірлі де қасиетті, құрметті де ардақты атау.

Кезінде «Үкілі көмшат, бүрмелі көйлек, Тұрғандай өзі қимылсыз билеп»,- деп сал-серілер жырға қосқан қыздарымыздың бүгінгі мен өткенін елеп-екшеп, болашағын

Қызықты қыздар болса да ...

болжай аламыз ба? Көз салып көрейік... XXI ғасыр—дамығанғасыр, адамдардың өмір сүруі мен тіршілік етуіне ең қолайлы, гүлденген кезең дейміз. Дегенмен, дәл осы ғасырды айтқанда, бізге үйреткені мен үйретерін ойға алып, көздерінен қара қан аққан талай ақсақалдар мен кейуаналарды көрдік.

Заман азса, адам да азды емес пе? Мен өткенді аңсап, бұрынғыны қиялдайтын жан емеспін, дегенмен бүгінгі өмірді көре тұрып, ертеңімді ойласам, денем түршігеді.

Қазақ қызы... Қазіргі қазақ қыздарының бойынан ибалылық, сыпайылық, инабаттылық көре алмайсың, қай жерде болмасын, ауыздарына не келіп қалады, ойланбастан соны айта салады.

Әлемнің бар жылуы қыздардың нәзіктігінен жаралған, ал сол нәзіктікті қазіргі қыздардың бойынан сирек кездестіреміз, неге? Ақұштап апамыздың «Сіңліге сыр» өлеңін өз басым бойтұмарымдай сақтаймын, сол жырда қыз баланың ең мықты қаруы – нәзіктік, - делінген.

Жырға құмар жаны нәзік арулар бүгінгі таңда бар нәзіктігін қысқа белдемшелер мен шалбардың сәнінің арасына жоғалтқан ба деген ой келеді?

Баяғыда бір данагөй қария: «Ақырзаман қыз бала бұрымын кессе, тұлымдылар көйлек кесе, қыз бала үлкенге тіке қараса орнайды», - депті. Ал, сол данагөй қарияның айтқан ақырзаманы осы біздің заман емес пе? Бұрымы белінде еркелеген сылқым сұлуларды қазір тек ертедегі кинолардан ғана көре аламыз.

Қорлан қыз секілдендік айдай толып, Сал-сері ән арнайды Естай болып. Жұмбақ жанар жалт еткізе қараса, Жігіттер беруге әзір жүрек жұлып.

Жайнаймыз, жауқазындай жайқаламыз, Жырлайды, біздер жайлы айтып аңыз. Тебіреніп, нәзіктіктің нұрын шашып, Күндіз – Күн, ал түн батса Ай боламыз.

Жаралыппыз әуелден жат-жұрттыққа, Теңейді бізді халық бақ пен құтқа. Қыздарды жер бетінде көп дейді екен, Сұлулық саналмайды артықтыққа.

Ата-ананың үкілеген үміті Жанарымен жіпсіз байлар жігітті. Барша қызды жылатпағын, бақ бер деп, Жаратқанға жалбарынам күн-түні.

Өз басым өзімді нағыз қазақ қызы санамаймын. Өз қатарластарым секілді көйлекті шалбарға ауыстырып үлгерем. Дегенмен, өмірдегі ең қамқор аяулы анашым ылғи да «сенің бойыңда нағыз қазақ қызына тән жалғыз белгі бар. Ол – бұрымың. Осы белгіні ешқашан өшірме, бұрымыңа қайшы тиген күні өзіңді барлық қызға тән керемет қасиеттерден ада болдым деп сана» деп құлағыма құйып отыратын. Осы ақыл әлі күнге жүрегімде сақтаулы, анамның нәзік жүрегіне жара салып алмау үшін қызға тән белгінің бірі де бірегейін барымша сақтаймын деп сенемін.

Аяужан КЕРЕЕВА,
студент

17 марта в институте экономики и управления в преддверии весеннего праздника Наурыз мейрамы проходил конкурс «Лучший староста - интеллектуал», среди старост академических групп 1-3 курса, организованный студенческим деканатом института и стипендиатом Н.А.Назарбаева студенткой группы 09312, специальности «Финансы» Забесовой Д.

Салый класный староста

Основной целью данного мероприятия было повышение статуса старосты, а также выявление талантливых старост



для участия в конкурсах на университетском уровне.

В данном конкурсе принимали участие старосты 1-3 курсов. В ходе конкурса старосты отвечали на вопросы, касающиеся тематики празднования Наурыз мейрамы, структуры университета, а также выполняли ситуационные задания. По результатам

конкурса в номинации «Лучший староста – интеллектуал» была награждена староста группы 09305 специальности «Экономика»

Бутахина Эльвира, в номинации «Ответственный староста» - староста группы 09102 специальности «Финансы» Байярстанова Айгерим и в номинации «Позитивная староста» - староста группы 09107 специальности «Туризм» Еркешова Айкоркем.

Староста группы является значимой фигурой как в учебном процессе, так и общественной деятельности университета. Повышение статуса старосты необходимо, ведь староста является связующим звеном между группой и дирекцией, студенческим деканатом института. Я считаю, что данные мероприятия необходимо проводить часто, так как это способствует развитию креативности мышления, выработке лидерских качеств.

Асхат МЕНДЫГАЛИЕВ,
студенческий декан института
экономики и управления



Ұстаз келбеті

«Халық кітап оқымай, өзіне сенсе, жүрек - салқын, ми - батпақ болып кетеді», - деп Серікқали Ғабдешұлы бізге семинар үстінде айтқан болатын. Ұлағатты ұстаздың әрбір сабағын ерекше зейін қойып тыңдаймын. Студенттердің көбі сабақты қызықты өткізеді деп ұнатып жатса, ал мен ол кісіні турашыл, қайсар мінезі үшін, сонымен қатар өмірден көрген-түйгені мол, студент жанын түсіне білетін адам ретінде құрмет тұтамын. Серікқали Ғабдешұлы «Қолдарыңнан күнделікті газет, журнал және әдеби кітаптар түспесін» деп бізге жиі айтып отырады.



Иә, бұл ұстаздың сөзінің жаны бар, себебі студенттердің арасында әдеби кітап оқытындары өте сирек кездеседі, яғни «Жастар газет-журнал оқымақ түгілі, күнделікті сабағын оқыса қалай?» деп іштен қынжыламын. Егер ұстаздың ақыл-кеңесін ескеріп, әр білімгер әдеби кітаптар, газет-журналдар оқыса, жандуилерін байытып, рухани азық алар еді. Яғни, ағайдың сөзімен айтсақ, жүрегі салқындалмай, миы батпаққа айналмас еді. Көп ізденіп, көп оқыған адамның болашағы жарық, жолы ашық болары сөзсіз. «Он адамнан оқып, он адамнан сүзіп алса, адам тіпті ғалым болып кетуі мүмкін» деп Серікқали ағай айтпақшы, шынында да көп оқымай, көп ізденбей ешкім ғалым болмайтыны рас.

Ал біз, болашақ филологтар ретінде, ұстаздың әр талабын уақытында орындап отырсақ, біз де жақсы ұстаз бола аламыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ұстаздардың ұстазы – Серікқали Ғабдешұлын барша студент өздеріне үлгі тұтып, мақтан етеді.

Н.ИХСАНОВА, студент

В первом семестре текущего учебного года в данные ящики поступило пять письменных обращений от студентов университета, адресованных руководству. По поводу данных обращений отделом мониторинга и социологических исследований были направлены служебные записки ректору ЗКГУ. Все обращения студентов были рассмотрены ректором и даны поручения руководителю соответствующих подразделений для принятия необходимых мер по решению обозначенных студентами проблем.

Первое письменное обращение поступило в ящик корпуса №5, его авторы просили: «№5 оқу ғимаратында сапасы жоғары, жақсы тағамы бар буфет ашылуын, сонымен қатар корпусқа ксерокшірменің болуын сұрап шағымданған». После данного обращения в корпусе был открыт новый буфет. По поводу же отсутствия ксерокса было выяснено, что такой аппарат в корпусе имеется и находится в деканате естественно-математического факультета.

Следующее обращение, автор которого назвался студентом гр. 09302 Романенко В.Х., содержало просьбу сменить вахтера корпуса №2, поскольку «она слишком груба со студентами» (правда, непонятно, кого конкретно из вахтёров автор этого обращения имел в виду, поскольку все вахтёры данного корпуса женщины). В связи с данным обращением директор института экономики и управления Г.И. Нестеренко провела собрание с вахтёрами, на котором было обращено особое внимание на необходимость корректного обращения со студентами. Причём, было выяснено, что студент с такой фамилией и инициалами

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ поэзиясының қыраны Қадыр Мырзалиевті еске алуға арналған «Қазақ жырының Қадыры» атты кеш болып өтті.

Поэзия қыранын еске алды

Пай, пай, Өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Тиясың-ау қуанышты күлкіні.
Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,
Өмір деген – көк аспанның күркірі...

Осылай қасиетті қазақ жырының марғасқасы Мұқағали жырлағандай мынау бес күндік ғұмырдан құйрықты жұлдыздай кімдер ағып өтпеді десеңші... Солардың санатындағы салиқалы сардар тұлға болып қана қоймай, қазақ поэзиясының қыранына, қазақ әдебиетінің сөз майталманына, көсем сөздің зергеріне айналған Қадыр ағамыздың қазақ әдебиетіндегі орны ойып аларлықтай. Өні мен күйі шалқыған, сыры мен жыры тасыған ғажайып сұлу Ақжайық өлкесінде дүниеге келген Қадыр ағамыз 76 жасына қараған шағында бұл дүниемен қоштасып кете барды... Ама! не? Дүниеге келмек бар да, дүниеден өтпек те бар. 2011 жылдың 22 қаңтарында бұл дүниемен қоштасып, алыс сапарға аттанған заңғар тұлғаның алып бейнесі қазақ халқының мәңгі жадында.

Уақыт өтіп, замана көші үздіксіз алға жылжығанымен, елімізде Қадыр ағаны еске алып, мәңгілік мұрасын жаңғырту, атағын аспандату мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылып келеді. Солардың бірі - М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да қазақ поэзиясының қыраны Қадыр Мырзалиевті еске алуға арналған «Қазақ жырының Қадыры» атты әдеби-танымдық кеші болды. Кеш қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 02301-академиялық топ студенттері М.Тәжіқараева, Ж.Мұрсалова, Г.Қуанышқалиева, Н.Баубекова, 02203-топ студенті Г.Нұрғалиева, I курс студенттері А.Әбілқалаев, Ж.Ерманова, А.Сұлтанмахмұт ақынның әр жылдары туған түйдек-түйдек жырларын оқуынан басталды. Кешті бөлім студенттері Ақжол Әбілқалаев мен Елдана Асылханова жүргізді. Алғашқы сөз кезегі М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Зейітұлына берілді.

Жұлдызы жанып, бақыты ашылса, ажарлы ән сөз асылын тудырады, ал жарқыраған жақұт жыр дүниеге тамылжыған өсем ән алып келеді. Қадыр

белгілі журналист Базарғали Қуатов пен ақын Ғайса-Ғали Сейтақ та ақын жайлы толғамды да толымды естеліктер айтты. Кеш соңында филология ғылымдарының



Мырзалиевтің өн мәтініне айналған өлең-жырларының қай-қайсысы да серпінді, серіппелі, адам жанын бірден үйіріп әкететін иірімі мол... Ақынның ғұмыры мәңгілік «Ақ Жайық» өнін дәстүрлі өнер мамандығының 3 курс студенті Эльмира Таудаева орындады. Өннен кейін Қадыр ағамен қаламдас, Қадыр ағамен мұндас, Қадыр ағамен сырлас болған інісі Қайрат Жұмағалиев ақын ағасы жайлы естелік айтты. Қадыр ағаның Ақжайыққа келген соңғы сапарында ақын ағасымен жүздесіп, құшақтасып бірге өлең оқу бақытына ие болған, болашағынан зор үміт күттіретін жас жеткіншек Ибрагим Рафхатұлы ақынның «Бір жақсы, бір жаман» өлеңін оқыса, балауса жырдан жауқазын жырдың жүйрігіне айналған жас ақын, университет студенті Сыйлыхан Жұмасалихов ақын ағасына арнауын оқыды. Өлкемізге

доценті, БҚМУ профессоры Серікқали Ғабдешұлы Қадыр аға жайлы құнарлы ой айтты. Ақын сөзіне жазылған, қалың қауым іліп әкеткен тағы бір ән – «Атамекен» өнін университет оқытушысы Қуаныш Қисметов орындап берді.

Сөз жоқ, Қадыр ақын – тұнып тұрған өміршең поэзияның өзі болып табылады. Өйткені, ол - өзінің бүкіл шығармашылық еңбегімен, шынайы талантының ірілігімен – қазақ жырының Қадырына арналған сирек тұлға! Поэзия - ақын сыры, ақын сыйы. Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді, - деп Қадыр ағамыздың өзі айтқандай, поэзия алқабында ақын мен оқырман қауымның жүрегі әлі талай табысып, әлі талай сыр шертісері хақ.

Г. ҚУАНЫШҚАЛИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3 курс студенті

Ғылым мен өмір

Ресертификация ЗКГУ им. М. Утемисова на соответствие требованиям стандарта ИСО 9001 подтвердила эффективность менеджмента и, в частности, рационально действующий механизм обратной связи между руководством вуза и основными участниками образовательного процесса – студентами и преподавателями. Важным элементом этого механизма являются предложения и замечания, поступающие в специальные почтовые ящики и обеспечивающие оценку процессов, владельцами которых являются различные структуры университета.

ни в группе 09302, ни в какой-либо другой группе этого института не значится...

Авторы третьего письма – студенты-первокурсники, обучающиеся по специальности «юриспруденция», обратились с просьбой «стабилизировать расписание», чтобы оно было постоянным и все занятия проводились в корпусе №3. По поводу данного письма старший диспетчер университета М.К. Габдулова представила объяснительные записки кураторов данных групп – Н.А. Власовой и А.Т. Темиргалиевой. Н.А. Власова написала следующее: «по поводу письма на имя ректора о неудобном расписании для 1 курса специальности «юриспруденция» мною была проведена беседа с группой. Они пояснили, что никакого письма не писали и претензий по данному поводу не имеют». В объяснительной записке А.Т. Темиргалиевой было также указано, что «после оглашения содержания письма, поступившего на имя ректора о неудобном расписании для 1 курса специальности «юриспруденция» мною была проведена беседа с группой. Они пояснили, что никакого письма не писали и претензий по данному поводу не имеют».

Следующее обращение поступило от студентов группы 01111 «Б», обучающихся по специальности «химическая технология органических веществ», которые также просили «пересмотреть расписание» в связи с тем, что три дня в неделю перегружены аудиторными занятиями, причём по четвергам восьмым и девятым занятиями ставится такой

предмет как математика (известно, что изучение данного предмета требует особого интеллектуального напряжения, добиться которого к концу учебного дня можно далеко не от всякого студента). Старший диспетчер университета М.К. Габдулова в связи с этим сообщила, что со студентами было проведено собрание, на котором им объяснили, что вместо 30-ти часов занятий в неделю у них 40 часов, так как лабораторные занятия удваиваются. Правда, так и осталось неясным, зачем именно математикой надо завершать весьма продолжительный учебный день.

Пятое письменное обращение поступило в ящик корпуса №8. Данное обращение, подписанное «студенты», содержало просьбу принять меры к сотрудникам библиотеки данного корпуса, поскольку «они к своей работе относятся безответственно». В связи с этим письмом директором научной библиотеки ЗКГУ Г.З. Таушевой было проведено собрание с её сотрудниками. В целом возникшую ситуацию Г.З. Таушева объяснила тем, что в начале учебного года две сотрудницы библиотеки ушли в отпуск по уходу за ребёнком, а сотрудница 4-го читального зала болела. Поэтому, чтобы библиотека работала с 8.00 до 20.00, им приходилось часто менять сотрудников, что возможно и сказалось на качестве их работы.

ИРГАЛИЕВА Э.,
специалист-социолог отдела
мониторинга и социологических
исследований

Өнер жұлдызымен Жұлдысу



Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет мұражайында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өртісі, М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті Жұмағаным Әбілхалыққызы Рахимовамен кездесу кеші болып өтті.

Кездесу кешінің ұйымдасуына ұйытқы болған М.Өтемісов атындағы БҚМУ мұражай меңгерушісі М.Қ.Есикенова Батыстың бұлбұлы атанған Жұмағаным апаидың өнегеге толы өмірі жайында баян етті.

Кеш барысында Жұмағаным Әбілхалыққызының шәкірті Б.Ғ. Тәжиева қазақтың халық өні «Илиғайды» орындап берді.

Өмірі өнер мен өрілген Жұмағаным Әбілхалыққызы бірнеше халықаралық, республикалық лауреаттарды дайындаған өнер жұлдызы. Бар ғұмырын өнерге, шәкірт тәрбиесіне арнаған ұстаздың өмір жолынан студент жастар айрықша әсер алды. Сәндік қолданбалы өнер бөлімінің студенті С.Сахып, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенті М.Утебашева және басқа да университетіміздің белсенді студенттері Жұмағаным Әбілхалыққызына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып жауап алды. Кеш барысында Мәдениет және өнер институты директорының орынбасары И.Ө.Өтегенов пен мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Қ.Сүлейменов, мұражай меңгерушісі М.К.Есикенова сөз сөйлеп, өнші-ұстазға гүл шоғын табыс етті.

Үміт ЖӘҢҒІРОВА,
М.Өтемісов атындағы
БҚМУ колледжі студенті

Тәуелсіздікпен құрдас кафедра

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында университеттегі Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасында елеулі мерейтой атап өтілді.



Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасына биыл наурыз айында 20 жыл толды. Тәуелсіздікпен құрдас кафедраның мерейтойына орай кафедра ұжымы 24 ақпаннан 18 наурызға дейінгі аралықта мерекелік әрі оқу-әдістемелік және тәрбиелік шараларын ұйымдастырды. Бағдарламаға сәйкес алғашқы оздырылған шаралардың бірі ретінде наурызда «Ұлт келешегі - жастар» атты тарих мамандығының 2-3 курс студенттері арасында ұйымдастырылған олимпиада мерекелік шаралардың тұсауын кесті. Олимпиадаға барлығы 17 студент қатысты. Оның ішінде қазақ бөлімінен 13, орыс бөлімінен 4 студент өз бақтарын сынады. Студенттік додаға барлығы да өз деңгейінде әзірленіп, барынша білімі мен біліктілігін танытты. 4 кезеңнен тұратын олимпиада қорытындысы бойынша жеңіп шыққандар I орын Д.Жароева (07301 топ), II орын А.Нұғманова (07301 топ) және орыс тобынан I орынды иеленген Р.Бейсенова (07302 топ) Ақтау қаласында өткен студенттердің республикалық олимпиадасында жоғары деңгейден көрінді. Білім сайысына қатысқан студенттердің барлығы сыйлықтармен, арнайы дипломдармен марапатталды.

Сондай-ақ мерекеге орай тарихшы студенттер арасында қабырға газеттерінің байқауы жарияланды. Кафедраның 20 жылдығына арналған қабырға газеттері жан-жақты, қызғылықты болып шықты, әрі тарихи иллюстративті мағлұматтар көпшіліктің назарын аударды. Кафедраның мерекелік бағдарламасында тарихшы ардагерлер де назардан тыс қалмады. Батыстық қазақ халқының салт-дәстүріне сай 14 наурыз - Көрісу айт күні тарихшы-ғалымдар, ардагер-ұстаздар Қ.Ж.Сүйіншалиев, Ж.Ақбай және П.Р.Букаткиндермен кездесу кеші болып өтті.

Кафедра ұжымының ұйымдастыруымен «Өлке тарихының өзекті мәселелері: ізденістер, шешімдер және болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Қазіргі кезеңдегі өлке тарихының түйткілі көп өзекті мәселелері жөнінде ой-пікір бөлісуге тарихшы, ғалым-ардагерлермен қатар басқа да кафедрамен тығыз байланыс жасасып тұратын қалалық орта мектептердің тарихшы мұғалімдері, жоғары оқу орындарының ғалымдары, тарихшы-оқытушылары және тарих мамандығын тәмамдаған түлектер қатысты. Осы шараға қосымша дөңгелек үстел тақырыбына сәйкес университеттің

№3 оқу залы мен факультет дәліздерінде «Батыс Қазақстандағы Отан тарихы мәселелерін зерделеудің қара шаңырағы» атты кітапхана көрмесі ұйымдастырылды. Кеш соңында №3 ғимараттың акт залында кафедра оқытушылары мен студенттік деканаттың бастамасымен концерт ұйымдастырылып, кешке қатынасушылардың көңілін бір шаттандырып жіберді. Өткізілген мерекелік шаралардың ішінде кафедра оқытушысы Е.Е.Клышев дайындаған «Г.А.Кушаев - основоположник археологической школы Западного Казахстана» тақырыбындағы ашық тәрбие сағаты, сол сияқты аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.А.Исмуралиннің «Патшалық Ресейге қарсы Сырдария қазақтарының көтерілісі» тақырыбындағы әдістемелік сабақтары бар. Өткізілген ашық сабақтар өз деңгейінде әрі интерактивті тақта мен қосымша көрнекі құралдардың көмегімен жүргізіліп, бұл сабақтарды кафедрадағы жас оқытушылар үшін тамаша әдістемелік дәріс үлгісін көрсетті деп есептеуге болады.

Кафедраның 20 жылдығы мерекесіне орай оздырылған шаралардың ішінен салауатты өмір салтын насихаттау бағытын көздеген «Дені сау ұрпақ - ел болашағы» атты студенттер мен оқытушылар арасындағы эстафеталық жарысты ерекше атап кетуге болады.

Жалпы, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының 20 жылдық мерейтойына орай оздырылған шаралардың барлығы тарих және құқық факультеті деңгейіндегі, тіпті университет деңгейіндегі көлемді және маңызды шаралар болғандығы даусыз. Факультеттегі оқытушылар қауымы мен тарихшы студенттердің басын біріктіріп, бірлескен оқу-әдістемелік, ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралардың өсем өтуі - ерліктеріңізге өзара ынтымақтастығының кепілі. Келешекте де кафедра мерейтойын тойлау дәстүрге айналатындығына сенімімізді білдіреміз.

Альфия БАЙБОЛСЫНОВА,
ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

В память УЧИТЕЛЯ

23 марта 2011г. на 84 году жизни скончался преподаватель ЗКГУ им. М.Утемисова, почетный профессор, кандидат педагогических наук, доцент **Анатолий Матвеевич Войлоков.**

спортивный клуб института в течение 6 лет /1959-1964г./ награждался грамотами Центрального и Республиканского советов ДСО «Буревестник». В 1961 году Президиумом ЦС отмечен как лучший спортивный клуб вузов СССР (20 из 800), в 1962 г. награжден большой серебряной медалью, а в 1963 г. Почетной грамотой ЦС союза спортивных обществ и организаций СССР.

Анатолий Матвеевич Войлоков награждался Почетными грамотами Центрального и Республиканского советов ДСО «Буревестник», областных и городских комитетов физической культуры и спорта, обкома и горкома комсомола, обкома и горкома партии, облисполкома и облсовпрофа. Неоднократно избирался членом Пленума ЦС и РСДСО «Буревестник». Ему присвоено звание «Почетного члена ДСС» «Буревестник», награжден памятными часами.

С октября 1968 года по ноябрь 1971 года обучался в целевой аспирантуре на кафедре педагогики дважды орденосного Ленинградского института физической культуры им. П.Ф.Лесгафта. В марте 1972 года успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата педагогических наук.

С 1975 г. по 1985г. заведовал кафедрой теоретических основ физического воспитания в Уральском педагогическом институте им.А.С.Пушкина.

Войлоков А. М. - почетный профессор ЗКГУ им.Утемисова. Отличник высшей школы СССР. Отличник образования Республики Казахстан. Судья Республиканской категории. Его научно-педагогический стаж работы составляет 57 лет.

Награжден пятью Почетными грамотами

Министерств просвещения и народного образования СССР и Казахской ССР: 1983 год-почетная грамота Министерства Высшего и среднего специального образования СССР, 1985,1987,1988гг.-почетные грамоты Министерства просвещения Казахской ССР, 1990 год-почетная грамота Министерства народного образования Казахской ССР.

Имеет Значки «Отличник высшей школы СССР» и «Отличник образования РК». Медали: «Ветеран труда», «50-летие Победы в Великой Отечественной войне (1941-1945гг.)», «60-летие Победы в Великой Отечественной войне (1941-1945гг.)».

Анатолий Матвеевич является автором более 170 публикаций и 10 учебно-методических пособий.

В 2002 году вышла в свет книга «От становления физической культуры к мастерству и профессии». В 2005 году была издана книга «Бессмертие».

Анатолий Матвеевич в течение многих лет являлся куратором студенческих групп, долгое время возглавлял партийную организацию на факультете. В последнее время являлся членом Совета ветеранов ЗКГУ.

Уход из жизни Анатолия Матвеевича - это общая большая боль - ушел из жизни Человек с большой буквы: компетентный в работе, чуткий в общении, внесший свой посильный вклад в развитие образования. Коллеги знали его только как человека честного, тактичного, очень ответственного и трудолюбивого. Анатолия Матвеевича сегодня нет среди нас, но частичка его души осталась в учениках, коллегах.

Светлая память о нем навсегда сохранится в сердцах его родных и близких, коллег и друзей.



Войлоков Анатолий Матвеевич родился 27 ноября 1927 года в деревне-Климантино Тверской области. В 1931 году родители переехали в Семипалатинскую область на рудник Акжал, где в 1943 году закончил среднюю школу.

С 1943 года, после окончания школы, начал работать в Акжальском рудоуправлении ответственным секретарем отдела.

С 1946 года по 1950 год - студент Казахского государственного института физической культуры. По окончании института был направлен на работу в Уральское педагогическое училище. В 1957 году был переведен на работу старшим преподавателем кафедры физического воспитания в педагогический институт, где работал до настоящего времени.

С 1957 г. по 1964г. избирался председателем правления спортивного клуба института. За успехи, достигнутые в развитии физической культуры и спорта,

Я в ТЕОТРАФЫ пошла - здесь меня научат!!!!

Роль географии в формировании всесторонне развитой личности незаменима. Географические знания становятся повседневно необходимыми людям в их профессиональной и бытовой деятельности - от выбора места жительства (в городе, стране, мире), продуктов питания (произведенных в разных районах земного шара), до выборов руководителей страны.

Незаменима и роль учителя географии. Такими незаменимыми учителями в этом году стали выпускники кафедры географии ЗКГУ им.М.Утемисова - Кулакова Асем Коблановна и Таржманова Рысты Шынболатовна. Обе поступили в 2006 году в Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова на грантной основе. Их выбор был однозначный - естественно-географический факультет, специальность «учитель географии». С первых же дней они показали себя любознательными, ответственными, общительными, доброжелательными студентками. Обе учились на отлично, были старостами в группах, в то же время успевали заниматься наукой, выступать на научных студенческих конференциях.

Асем много внимания уделяла учебе, её ответы отличались продуманностью, полнотой, картографические работы были выполнены грамотно и творчески. Это позволило ей написать хорошую дипломную работу, посвященную проблеме развития транспорта Казахстана, где подробно рассматривалось строительство и дальнейшее функционирование транспортного моста «Западная Европа-Западный Китай».

Рысты умело сочетала отличную учебу и общественную работу. Так, на первом курсе она участвовала в конкурсе выразительного чтения «Пушкинский вечер», где заняла 2 место, на 2-3 курсах во время летних каникул трудилась в студенческом отряде «Жасыл ел», на 3 курсе участвовала в конкурсах «Инабатты ару - 2009», «Студенческая весна», где в номинации «Лучшая сценка» заняла 1 место. На 4 курсе она приняла участие в очень серьезном университетском конкурсе «Лучший студент-педагог», который проводился среди студентов после завершения педагогической практики. Она подтвердила свое педагогическое мастерство, заняв 3 место. Дипломная работа Рысты была посвящена проблемам медицинской географии Западно-Казахстанской области и защищена на отлично.

Асем и Рысты успешно завершили обучение в университете и получили дипломы с отличием. В настоящее время обе работают учителями географии в школе: Асем в городской школе № 26, а Рысты поехала по направлению в Зеленовский район, в Володарскую среднюю школу. Они формируют географическое мышление у подрастающего поколения, помня при этом слова французского писателя Антуана де Сент-Экзюпери


«...Увидев на одной из планет некоего старца маленький принц спросил его:

-Что вы здесь делаете?
-Я, ГЕОГРАФ,- ответил старик.

-Как интересно!-сказал Маленький принц.-Вот ЭТО-настоящее дело, и он окинул взглядом планету ГЕОГРАФА.

Никогда он ещё не видел такой великолепной планеты!!!!»

Кураторы выпускников:
ТЕРЕЩЕНКО Т.А.,
АБДУШЕВА Г.Ж.





Р
К
Е
Н

■ Спорт

Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда

Білім ордамызда өткізілетін әр шараның өзіндік ерекшелігі мен өзектілігі болатыны сөзсіз. Мұндай шаралардың бірі - ағымдағы жылдың 13 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Спорт сарайында «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының жүлдесі үшін жоғары және арнаулы оқу орындарының студент жастары арасында өткен «Шынықсаң, шымыр боларсың» атты облыстық спорттық ойындар. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауын жүзеге асыру, облыс жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, студент-жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сонымен бірге облыстық студент жастардың спортпен шұғылдандуына дағдыландыру-өткізіліп отырған шараның басты мақсаты тұғын. Жарысқа «Нұр Отан» ХДП БҚО филиалының өкілдері, университет басшылығы, оқытушылар мен шақырулы қонақтар және облысымыздың жоғары және арнаулы орта оқу орындарының командалары қатысты. Шара барысында «Нұр Отан» ХДП БҚО кеңесшісі А.Қ.Нұралы мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Т.М.Даришева құттықтау сөзінде егеменді еліміздің еңселі болашағы жастар екенін атап өтіп, оларға ақ тілегін білдірді.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, әр сайыстың жүйрігі мен мықтысы болатыны анық. Айтулы дода «Кім жылдам?», «Епті болсаң, сен егер», «Кім мерген?», «Арқан тартыс», «Жамбы ату» сынды спорттық ойын түрлерінен өтті. Өз бақтарын сынап, ерекше назарға іліккен Қазақстан Студенттер Альянсының «Альянс барыстары» командасы, Батыс Қазақстан медициналық колледждің «Қыран» командасы, «Студенттік құрылыс жасақтары» командасы «Алғыс хатқа» ие болды. «Ең үздік мерген» номинациясын М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің студенті Р.Ахметов иемденді. Жүлделі III орынды Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының студенттерінен құралған «Барыс» командасы, жүлделі II орынды Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттерінен құралған «Комета» командасы, бас жүлдені М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті студенттерінің «Алау» командасы қанжығаларына байлады. Жарыс соңында жүлделі орынға ие болған командалар «Нұр Отан» ХДП Батыс Қазақстан облыстық филиалы, «Нұр Отан» ХДП БҚО Орал қалалық филиалы және М.Өтемісов атындағы БҚМУ Студенттер кәсіподағы ЖҚБ дайындаған бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Салауатты өмір салтын насихаттау барысында ұйымдастырылған мұндай жарыстардың студент жастарға беретіні мол. Елбасымыз «Дені сау ұрпақ - ел болашағы» демекші, еліміздің өркендеп дамуына, бәсекелестікке қабілетті болуына зор үлесін қосатын дені сау жастарымыздың қатары көбейе берсін деген тілегімізді жолдаймыз.

Ел болашағы — дені сау ұрпақ

«Қазақстан Республикасының тарихы» кафедрасының 20 жылдығы мерекесіне орай оздырылған бағдарламалық шаралардың ішінде салауатты өмір салтын насихаттау бағытын көздеген «Дені сау ұрпақ - ел болашағы!» атты студенттер мен оқытушылар арасындағы эстафеталық жарысы өтті. Көктемнің жайма шуақ күндерінің бірі 18 наурызда М.Өтемісов атындағы БҚМУ спорт сарайында өткен жарыс 6 кезеңнен тұрды және оған оқытушылар мен студенттер арасынан құрылған 4 топ асынызырлықпен қатысты. Эстафеталық ойындар арасында қызығушылық танытып, өз ептіліктерімен көзге түскен жарыс қатынасшыларына жүлделер тағайындалды, әрі олар арнайы дипломдармен, көтермелеу сыйлықтарымен марапатталды.

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚ

Бүгінде жер шарында есірткі бизнесі өлемдік экономиканың күре тамыры мұнайды да артта қалдырды. Есірткі бизнесі супер табыс әкелетін салаға айналып бара жатқандығы шошындырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының келтірген деректері бойынша, есірткі саудасы айналымына 1 доллар салсаң, 12400 доллар болып қайтады екен. Мұндай ақшаны күреп табатын сала бұрын тарихта болған емес. Сонымен өлемде белең алып бара жатқан есірткінің саудасы айналамызға қауіп төндіріп тұрғанымен, оны құртудың амалын әлі ешкім таба алған жоқ.

Қазір Қазақстанға есірткінің төрт түрі — төрт тарапынан ағылып жатыр. Олар Шу аңғарының марихуанасы, Ауған — тәжік бағытынан келетін апий, химфарм зауыттарынан заңсыз шығарылған өнімдер және Батыс пен Ресейден келетін синтетикалық есірткілер.

Мамандардың айтуынша, қазір нашақорлардың 52 пайызы героинді қолданатындары белгілі. Яғни, бір килограмм героин Ауғанстанда 700 доллар, Тәжікстанның шекаралық аумақтарында 900, Душанбеде 1500, Қырғызстанда 7000, ал Ресейде 70000 долларға бағаланады. Бүгінде Қазақстанда әр жыл сайын есірткіге байланысты 20 000 қылмыс тіркелуде.

Есірткі саудасымен бірге «жұт жеті ағайынды», терроризм, т.б. атышулы қылмыстар қоса жүретіні белгілі. Сондай-ақ есірткінің, әсіресе оның күшті түрлері адамды магнитте тартатын қасиеті бар. Мысалы, медицинада мынадай тәжірибе жасалған. Егеуқұйрықтың алдына өзі сүйетін тамақ пен күшті есірткі қатар қойылған. Егеуқұйрық сол бойда есірткіні қарпып жей бастаған. Әрине, адам егеуқұйрық емес, алайда жыл өткен сайын бойдағы нәрді сорып алып, өлімге жетелейтін ажал көзі - ақ ұнтаққа ынтық жандардың артып бара жатқаны ойландырмай қоймайды. Бұл тажалдың әсіресе, жасөспірімдердің арасындағы кең етек алып бара жатқандығы шошындырады.

Нашамен әуестеніп жүрген жасөспірімнің алдымен терісі сұрғылттанып, сөзі қысық-қыңырланып, жүріс-тұрысы өзгере бастайды. Бәрі де осы әуестіктен басталады, бірінші рет жай ғана тартып көреді, сонан соң кокаинды иіскеуді бастайды. Осылайша өзінен-өзі оқшаулана береді де, күндердің күнінде бала өзін біржола жоғалтып тынады. Әрине, нашақорлық жолға жасөспірімнің түсуіне кінәліні алдымен отбасылық қарым-қатынастардан іздеген жөн.

Яғни, ата-ананың бақылауынан тыс қалған бала жаман іске біртабан жақын болады. Ал, болары болып, болуы сіңген

соң басты тасқа ұрғанның пайдасы аз.

Иә, ғасыр кесепатына айналып отырған бұл індеттің құрсауына бір түскен адамның одан қайтып құтылуы өте қиын. Тіпті, ауруханада жылдап жатып арнайы курстан өткендердің өзі ескі ортаға оралып, «инеге» қалай отырғанын да сезбей де қалады. Дәніккен жан өзіне қажетті мөлшерлі ұнтақты сатып алу үшін небір сұмдық әрекеттерге барады. Неше түрлі қылмыстық әрекеттер жасайды. Бір шөкім көкнәр, марихуана үшін ата-анасын, баласын өлімге қиып жіберуге де дайын.

Нашақорлық мәселесі - адам баласын сонау ықылым заманнан бері толғандырып келе жатқан мәселелерінің бірі. Сонау ерте кезде Америка немесе Сібір халықтары есірткі түрлерін «рухтар еліне ұшу» үшін, Азия халықтары бой сергіту үшін пайдаланған. Ал қазіргі таңда нашақор туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі өз азаматтарын өндіріске, мәдени және қоғамдық өмірге белсенді түрде қатыстыра отырып, теріс қылықтарынан арылтуға арналған көзқарас, ал екіншісі — қоршаған ортаның жағымсыз ықпалына берілмей қиындық қыспағынан шығу туралы көзқарас.

Міне, осындай тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандар көбеймесе азаяр емес.

Жуықта жаратылыстану-математика факультетінде информатика мамандығы бойынша білім алатын 04305 және 04307 топ студенттерінің ұйымдастыруымен физика, математика, информатика мамандықтарының 2 курс студенттерінің арасында «Информатика - ғасыр талабы» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

Информатика - ғасыр талабы



Сайысты өткізудегі негізгі мақсат - аталмыш мамандықтардың 2-курс студенттерінің МАБ-қа дайындық ретінде информатика пәнінен алған білімдерін сараптау, жинақтау, олардың ой-өрісі мен танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, тез ойлау және өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын дамыту, факультеттің 3 мамандығы арасында байланысты қалыптастыру.

Интеллектуалдық сайыс 5 кезең бойынша өтті: «Блиц тур», «Компьютерлік кері айна» және «Қатені тап», «Жасырын сурет», «Бөйге» және команда капитандарына арналған «Полиглот» туры. Сайысты 04307 топ студенттері Ж.Қосмұхамбетова және А.Жәрдем тартымды етіп жүргізді. Сайыста физика мамандығының студенттерінен құралған «Физиктер» командасы, математика мамандығы студенттерінің «Математиктер» командасы және информатика мамандығының студенттерінен құралған «Алгоритмдер» командасы бақ сынады. Өр кезең бойынша студенттер информатика пәні бойынша оның тарихы, ғалымдар, құрылғылар,

компьютерлік бағдарламалар, интернетпен жұмыс және т.б. тақырыптар бойынша өз білімдерін сарапта салды. Кезең арасында 04307-топ студенті Тұрар Имандосов күй тартып, 04305-топ студенті Асылхан Иманғалиев әсем ән шырқап, сайысқа қатысушыларға демеу берді. Додаға информатика пәнінің оқытушысы Ш.Есикенова, жаратылыстану бөлімінің студенттік деканы Ж.Ешимова және 04303-топ басшысы С.Саркулова қазылық етті. Сайысқа факультет деканы, п.ғ.к. А.Б. Медешова және информатика пәнінің оқытушылары, студенттер қатысты.

Тамаша өткен сайыс нәтижесінде I орынды «Алгоритмдер» командасы, II орынды «Физиктер» командасы, III орынды «Математиктер» командасы иеленіп, дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар әр команданың Ж.Әтімов, Н.Хамзин Ж.Шаңова сынды студенттеріне өз білімдерін үздік көрсете білгендері үшін естелік сыйлықтар табыс етілді. Өз мамандықтарына жанкүйер болып қатысқан үш мамандықтың студенттері сайысты үлкен қызығушылықпен

тамашалап, өз білімдерін шыңдап, информатика саласы бойынша көп мағлұматтар ала білді.

Факультеттегі мұндай тәрбиелік шараны ұйымдастыруда 04307, 04305 топ кураторлары Ф.Г.Мұхамбетова, Д.Н.Құрмашева бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетті. Бұл шара болашақ педагог мамандары үшін де, сайысқа қатысушы 2-курс студенттері үшін де пайдалы әрі тиімді болды деп ойлаймын.

Әсемжүл СӘРСЕНОВА,
04307 топ студенті

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі мерзімді баспасөз басылымдары және (немесе) ақпарат агенттігінде №11390-Г куәлігімен қайта есепке алынды.

Индексі 090000
Таралымы 1000

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы
БАСПАСӨЗ ХАТШЫ:
СМАГУЛОВА Тәрбие Орынғалиқызы
ТІЛШІЛЕР:
СРАЛИЕВА Мейрамгүл,
БИЯШЕВА Гүлсезім.

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА Светлана
ОПРЯ Оксана Викторовна
БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель
ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕПОВ Рафхат

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz

№ 4 (862) наурыз 2011 жыл